

Кудабаева Перизат Асанбаевнаның бD010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған «Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына

ШҚІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында Қазақстанның білім беру сапасына ерекше назар аударғаны баршамызға мәлім. Болашақ ұрпақ үшін заманауи әдістер мен технологияларды енгізу, білімге қолжетімділікті кеңейту, білім сапасын арттырумен қатар ғылым саласын дамыту үшін кәсіби мамандарды даярлауды міндет етіп қойды. Осы міндетті жүзеге асыру үшін бүгінгі білім беру жүйесіндегі өзгерістер болашақ мамандардың кәсіби, мәдениетаралық құзыреттіліктерін дамыту қажеттілігін туғызды.

Қазіргі қоғам өмірінде болып жатқан саяси-әлеуметтік және экономикалық өзгерістердің еліміздің білім беру жүйесіне де ықпалы үлкен. Мемлекетіміздің халықаралық байланыстары барған сайын күшейе түсіп, еліміздің қай саласында болмасын шет елдермен қарым-қатынас орнаған. Бұл қарым-қатынасты нығайтып, жандандыра түсу үшін шетел тілін жете меңгерудің маңызы зор екені бәрімізге мәлім.

Басқа тілді қоғамда, мәдениетте өз орнын таба білу үшін сол елдің тілін ғана меңгеру аз, сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетін, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, қарым-қатынастың вербальды және вербальды емес формаларын да меңгеру қажет. Жаңа әлеуметтік мәдени кеңістіктің пайда болуы білім беру жүйесінің алдына халықаралық мәдени-кәсіптік қарым-қатынастарды жүзеге асыра алатын, яғни мәдениетаралық құзыретті мамандар даярлауды мақсат етіп қояды. Бұл дегеніміз, ізденуші, Кудабаева Перизат Асанбаевнаның «Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы зерттеу мәселесінің өзектілігін анықтайды.

2. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі

2.1 *Бірінші нәтиженің шынайылық дәрежесі* – зерттеу мәселесіне орай іргелі және қолданбалы отандық, шет елдік философиялық, психологиялық-педагогикалық еңбектерді зерделеу барысында алынғандығымен айқындалады. Оның шынайылығы зерттеушінің әдебиеттерді жаң-жақты талдау негізінде «мәдениетаралық құзыреттілік» ұғымы мәнін нақтылауы арқылы дәлелденеді.

2.2 Екінші ғылыми нәтиженің шынайылық дәрежесі – болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуы нақтылы анықтау эксперимент нәтижелеріне сүйеніп айқындалған. Үлгіде қарастырып отырған мәселе бойынша мотивациялық, мазмұндық және іс-әрекеттік компоненттері, көрсеткіштері, сондай-ақ болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталған.

2.3 Үшінші нәтиженің шынайылық дәрежесі – болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін заманауи технологиялар негізінде қалыптастыруға байланысты шетел тілі мамандарына дайындалған әдістемелік жүйе «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» атты элективті курстың, «Communication club» үйірме жұмысының бағдарламасы, «Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудағы Podcast, Wiki, Blog, Case Study, Framing технологиялары» атты болашақ ағылшын тілі мұғалімдеріне арналған оқу-әдістемелік құралының, «Мәдениетаралық коммуникация бойынша тәжірибелік тапсырмалар жинағы» атты 5B011900 - «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы студенттеріне арналған оқу-әдістемелік құралының дайындалуымен дәйектеледі. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми тұрғыда негізделген әдістемелік жүйесі жасалынып, тәжірибеде сынақтан өтуі арқылы дәлелденген.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі

Диссертанттың зерттеу жұмысының шынайылығы – болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін заманауи технологиялар негізінде қалыптастыру секілді күрделі әрі өзекті мәселені нәтижелі ету теориялық, әдіснамалық, әдістемелік тұрғыда алғаш рет зерттелініп отырғандығын атап өте отырып, алынған әрбір ғылыми нәтиженің қорытындысына жаңалық тән деп санаймыз. Себебі, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін заманауи технологиялар негізінде қалыптастыру мәселесі отандық ғылымда шешімін таппаған.

3.1 Бірінші нәтижеге жету үшін ізденуші зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, психологиялық және педагогикалық еңбектердегі ғылыми дерек көздерін тауып, оларды зерделей білген. Ғылыми әдебиеттердегі зерттеу тақырыбына сай жинақталған мәліметтер сарапталып, «мәдениетаралық құзыреттілік» ұғымы мәнінің, сонымен қатар «болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігі» ұғымдарының мәні нақтыланғандықтан жаңа болып табылады.

3.2 Докторанттың зерттеу барысында теориялық тұрғыда болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік

құзыреттілігін қалыптастырудың мотивациялық, мазмұндық және іс-әрекеттік компоненттерден түзілген, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталған құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуы – екінші нәтиженің жаңалығына дәлел болады.

3.3 Диссертант болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру ғылыми негізделген әдістемелік жүйесін: «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» атты элективті курстың, «Communication club» үйірме жұмысының бағдарламасы, «Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудағы Podcast, Wiki, Blog, Case Study, Framing технологиялары» атты болашақ ағылшын тілі мұғалімдеріне арналған оқу-әдістемелік құралының, «Мәдениетаралық коммуникация бойынша тәжірибелік тапсырмалар жинағы» атты оқу-әдістемелік құралын дайындап, оның тәжірибеге енгізілуін жаңалық деп санауға болады.

4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы

Диссертациялық зерттеу жұмысының орындалуындағы жүйелілік докторанттың ағылшын тіліндегі пәндерді оқыту теориясы мен әдістемесін жеткілікті игергендігін көрсетеді. Ғылыми болжамның дұрыстығына зерттеу нәтижелері кепіл бола алады. П.А.Кудабаеваның диссертациялық зерттеуінің ғылыми тәжірибелік нәтижелері кіріспедегі және екі тараудағы теориялық-әдістемелік мазмұнының ішкі бірлігімен, құрылымдық жалпы тұтастығымен және зерттеу қорытындыларының қисындылығымен анықталады.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама

Ғылыми зерттеудің нәтижелері бойынша докторант П.А.Кудабаеваның ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған журналдарда 4, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда 5, шетелдік ғылыми журналдарда 1, Scopus компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналдарында 1 мақаласы, 2 оқу-әдістемелік құралы жарық көрген.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер

Кудабаева Перизаттың докторлық диссертациясы өз бетімен жазылған, толық аяқталған жұмыс деп есептейміз. Докторант қойылған мақсат пен міндеттерді толық шеше білген. Ғылыми жұмыстың құнды идеялары басым болғанымен, диссертациялық жұмыста мынандай кемшіліктер бар:

1.Зерттеу жұмысының эксперименттік алаңына шетел тілі мамандығының студенттері алынып отырғандықтан осы мамандықтың

ерекшеліктері оқу бағдарламасына сай талданып көрсетілгені дұрыс болатын еді.

2. Эксперимент барысында студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру әдіс-тәсілдері толық сипатталса, жұмыстың құндылығы арта түсер еді.

3. Диссертацияның рәсімделуінде стильдік, орфографиялық қателер кездеседі.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер мен ұсыныстар зерттеу жұмысының жалпы мазмұнына нұқсан келтірмейді, диссертациядағы жалпы нәтижелерінің теориялық және практикалық ғылыми құндылығын төмендетпейді.

7. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды

Докторант П.А.Кудабаеваның 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысының ғылымилығы мен көкейкестілігі күмән келтірмейді. Диссертациялық жұмыс аяқталған, дербес орындалған ғылыми жұмыс деп танымыз.

Сонымен, диссертациялық жұмыс ҚР БЖҒМ-нің Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің талаптарына сәйкес жазылған жұмыс деп есептеп, докторант Кудабаева Перизат Асанбаевна 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеуге болады.

Рецензент
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті,
«Шетел тілін оқыту әдістемесі»
кафедрасының меңгерушісі,
п.ғ.к.



Handwritten signature

Е.К. Нурланбекова

Қолы	_____
Подпись	_____
Растаймын: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті кадр бөлімінің бастығы	_____
Зверено: Начальник отдела кадров Казахского государственного женского педагогического университета	_____